

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: МКҚК «Еркежан» бөбекжайы

Топ: «Арай» тобы

Балалардың жасы: 5 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі : Қаңтар

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Денешынықтыру	<p>Жалпы дамыту жаттығулар: Қолды кезек жоғары артқа көтеру. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру(бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды) Екі бала жұптасып жасайды. Бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады.(5-6рет). Стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3метр)</p> <p>Негізгі қимылдар: Жүру. Ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру. Тепе-теңдікті сақтау. Әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан қолға ауыстыра отырып, кедір бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру.</p> <p>Жүгіру: Кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен-баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5-2мин тоқтамай жүгіру.</p> <p>Еңбектеу, өрмелеу. Бірнеше заттардан еңбектеп өту.</p> <p>Секіру. Бір орында тұрып биіктікке секіру(6-8метр)</p> <p>Лақтыру, қағып алу, домалату. 2-2,5м арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты лақтыру.</p> <p>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір бірінің жанына және бір бірінің артынан сапқа тұру. Орнында айналу,онға , солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі қатармен сапқа тұру</p> <p>Музыкалық- ырғақтық жаттығулар: Түзу бағытта адымдап жүру</p> <p>Спорттық жаттығулар: Шанамен сырғанау. Төбешіктен бір бірлеп және екі екіден шанамен сырғанау.</p> <p>Спорттық ойын элементтері:</p> <p>Хоккей элементтері. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізу.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі. Қыс мезгілінде шаңғымен жүруге жағдай жасау.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары:</p> <p>Танертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру:</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.</p>
	Сауат ашу негіздері	Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.Сөйлем сөзден тұратынын түсіну. Қолды жазуға дайындау. Әр түрлі бағыттағы тігінен, көлденең,қысқа, ұзын, толқынды жазуға үйрету.
	Сөйлеуді дамыту	Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті:

	<p>Ана тіліндегі дауысты айтылуы және дыбысталуы ұқсас дауыссыз З-С дыбыстарды дұрыс, анық айтуды үйрету. Артикуляциялық жаттығулар жасау.</p> <p>Сөздік қор: Зат есімдер мен жалпылаушы сөздерді дұрыс қолдану білуді дамыту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Жай және жайылма сөйлемдерді қолдану дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Әңгімені бірізді айту, шағын логикалық және хабарлау сипатындағы әңгімелерді құрастыру.</p> <p>Шығармашылықпен сөйлеу әрекеті. Өзара байланысты бірізді сюжет құрастыру</p> <p>Шығармаларды қабылдау. Әдеби кейіпкердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.</p>
Математика негіздері	<p>Жиын. Жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің бір біріне қатынасы негізінде салыстыру.</p> <p>Сан және санау. 10 көлеміндегі сандарды салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығару.</p> <p>Шама. Заттарды әртүрлі белгілері бойынша(түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) салыстыра білуге үйрету.</p> <p>Геометриялық пішіндер. Күрделі формадағы заттарды өзбетінше зерттеуге мүмкіндік беру. Қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау. Қозғалыс бағыттары: алға, артқа</p> <p>Уақытты бағдарлау. Оқиғалардың ретін(алдымен-содан кейін, «бұрын-кейінірек») анықтау.</p>
Қоркем әдебиет	<p>Оқу, әңгімелеу. Диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Көркем шығарманы рөлдерге бөліп, сахналау.</p> <p>Мәнерлеп оқу. Қойылымдағы өзінің рөлін мәнерлі дербес орындау.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Тірі және өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Тірі табиғат (адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну. Өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу.</p> <p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау.</p> <p>Өсімдіктер әлемі. Өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың қажеттігі.</p> <p>Жануарлар әлемі. Жануарлардың қоректенуі (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен)</p> <p>Бала, оның отбасы, үйі: туыстық байланыстарды түсіну(өз жұрты атасы мен әжесі, жақын туыстары,</p>

	<p>нағашы жұрты) өзінің жеті атасын білу.</p> <p>Заттық әлем. Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну (ұялы телефон) қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.</p> <p>Еңбекке баулу. Бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу.</p> <p>Менің Отаным – Қазақстан. Қазақстанның әсем табиғаты көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну.</p> <p>Жол қозғалысы ережелері. «Трамвай аялдамасы» белгілерін білу</p>
Құрастыру	<p>Құрылыс материалдарынан құрастыру: Құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу.</p> <p>Қағаздан құрастыру. Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру.</p> <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу. Табиғи (асық) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.</p> <p>Конструктор бөлшектерінен құрастыру. Конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау, өзбетінше ойдан құрастыруға.</p>
Сурет	<p>Заттық сурет салу. Бейнелеу әдістерін (бояуларды араластырып) қолдану</p> <p>Сюжеттік сурет салу: жаңа түстер(күлгін) және ренктерді(көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару.</p> <p>Сәндік сурет салу: Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («жапырақ») туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалану.</p>
Мүсіндеу	<p>Заттық мүсіндеу: Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі ыдыстарды мүсіндеу. Қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру.</p> <p>Сюжеттік мүсіндеу: Адамның бейнесін, қимылдарын, қол аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу.</p> <p>Сәндік мүсіндеу: зергерлік бұйымдарымен(білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау және т.б қалауы бойынша мүсіндеу.</p>
Апликация	<p>Заттық жапсыру: Жапсырудың сұлбалы симметриялы әдісі мен қазақ оюларын қолданып табиғи материалдардан жапсыру.</p> <p>Сюжеттік жапсыру: Сюжеттік жапсыруда балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.</p> <p>Сәндік жапсыру: Киіз үйдің жабдықтарымен(кереге, уық, шаңырақ) таныстыру, жеке және топпен бірлесіп жасау</p>
Қазақ тілі	<ul style="list-style-type: none"> - Қыс мезгілін сипаттауға үйрету. - Сөз ішіндегі қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын дұрыс айтуға дағдыландыру; <p>Түстердің атауларын үйрету.</p> <p>-Заттардың түстерін, пішіндерін ажыратып, атауға үйрету.Қарапайым сұрақтар қояды және оған</p>

		<p>жауап береді; заттардың сынын, санын, қимылын білдіретін сөздерді айта білуді дағдыландыру; Аз-көп ұғымдарымен таныстыру (қ,ү,ұ,і) дыбыстарын анық айтқызу. .Заттарды сипаттау дағдысын қалыптастыру. - Сөздік қорларын ұлғайту. таныс сөздерді дұрыс атайды және ажыратады; Меңгерілетін сөздер: Қыс, аяз,суық, түстер, ақ, қара, қызыл, көк, қызыл.</p>
	<p>Музыка</p>	<p>Музыка тыңдау Музыкалық шығармаға деген көзқарасыңызды білдіруге, оның табиғаты, мазмұны туралы айтуға үйрету Музыкалық жанрларды ажырата (ән, күй, марш, би) білуге үйретуді жалғастыру. Кіріспе арқылы әнді өз бетінше тану қабілетін бекіту Классикалық музыканы тыңдауға, түсінуге және эмоционалды түрде жауап беруге үйрету Өмірдің кейбір құбылыстарын бейнелеу тәсілі ретінде әлемдік және қазақ музыка өнерінің шығармаларымен таныстыруды жалғастыру Қазақ халық аспаптары: домбыра үнінің тембрлік ерекшеліктерімен, «күй» жанрымен, күйші-композиторлар: Дәулеткерей Шигаевның шығармаларымен таныстыру. Ән айту Музыкалық фразалар арасында тыныс алуды үйрету, әннің мәтінін анық, қатты және баяу айтуға үйрету, музыканың табиғатын қабылдау мен жеткізе білуге үйрету, шығараның жеке бөліктерін (кіріспе, қайырмасы, қорытынды) бөліп көрсетуге үйрету, таныс әндерді музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз өз бетінше орындауға үйрету, әр түрлі сипаттағы әндерді өз бетінше және шығармашылықпен орындау Музыкалық-ырғақтық қимылдар Би-моториканы жетілдіру. Музыканың аяқталуына қозғалыстын тоқтауымен жауап беруге үйрету. Таныс би қимылдарын бекіту. Жүргізушіні бағдарлауға, қатардан өз орнын табуға, музыкалық есте сақтауды дамытуға үйрету Билер Мұғалімнің көрсету мен ауызша нұсқауы бойынша қимылдарды орындау қабілетін жетілдеру, тәуелсіздікке деген ұмтылысты ояту. Қазақ биінің қимылдарын үйрену арқылы көркем мұраның кейбір элементтерімен таныстыру. Музыканың би сипатын сезіну. Би шығармашылығы Балалардың би қабілеттерін дамытуға ықпал ету. Би ойлап табуға үйрету. Таныс би қимылдарын қолдана отырып, би ойлап табуға үйрету. Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау Музыкалық аспаптарда бірлесіп ойнау дағдыларын жетілдіру. Қазақ халық аспаптарында ойнауға деген сүйіспеншілікті ояту және оларға ойын тәсілдерін бекіту. Музыкалық (асатаяқ, бубен, румба, үшбұрыш, ағаш қасық)аспаптарда ойнау тәсілдерімен таныстыру.</p>

